



"SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 218 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 43-бабы, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, аудандық жер комиссиясының 2022 жылғы 14 шілдедегі №22 хаттамалық шешімінен үзіндісі негізінде, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Петропавл ст. – Вагулино а." талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалану үшін, меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан, Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы Вагулино, Лесной және Якорь ауылдық округтерінде қосымшаға сәйкес жалпы көлемі 9,59 гектар жер учаскесіне 2031 жылғы 12 қазанға дейін мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қызылжар аудандық жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылжар ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының
әкімі

Ж. Сәдуақасов

Солтүстік Қазақстан облысы
Қызылжар ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 15 тамыздағы
№ 218 қаулысына қосымша

"SilkNetCom" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

		оның ішінде алқаптары бойынша:	оның ішінде:
--	--	--------------------------------	--------------

№	Атауы	Қауымдық сервитут белгілеудің жалпы аланы, га	егістік	табиғи жайылымдар	су асты	батпақты жерлер	Одан басқа бөтен жер пайдаланушылардың жерлері	Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Солтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Соколов орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Вагулино ауылдық округі								
1	жер қоры	0,64		0,64				
	Округ бойынша:	0,64		0,64				
Лесной ауылдық округі								
1	"Астық сату компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 15-220-101-125	2,21	2,02	0,19			0,01	0,01
2	"Витязь" фермер қожалығы, басшысы Герман Сергеевич Корнев 15-220-101-108	1,25	0,35	0,9				
	Округ бойынша:	3,46	2,37	1,09			0,01	0,01

Якорь ауылдық округі								
1	"Якорь-СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 15-220-107-078	0,83		0,83			0,03	0,03
2	"Якорь-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 15-220-107-053	0,69		0,62		0,07	0,11	0,11
3	"ОВН" шаруа қожалығы, басшысы Владимир Николаевич Очеретенко 15-220-107-048	1,93		1,85	0,03	0,05	0,02	0,02
4	"Якорь-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 15-220-107-052	2,04	0,45	1,59			0,06	0,06
	Округ бойынша:	5,49	0,45	4,89	0,03	0,12	0,22	0,22
	БАРЛЫҒЫ:	9,59	2,82	6,62	0,03	0,12	0,23	0,23